

## Әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ДАМУДА

### «SPRINGER» БАСПА ҮЙІ ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУЫН КЕСТІ

Әлемдегі ең танымал «Springer» баспа үйі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтановтың «Экономикалық жоспарлау, басқару және бюджеттеудегі математикалық әдістер мен үлгілер» («Mathematical Methods and Models in Economic planning, Management and Budgeting») атты кітабының тұсаукесерін өткізді. Кітап ағылшын тілінде басылып шықты.

Жалғасы 4-бетте

### МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

9 желтоқсанда өткен ректорат мәжілісінде 2014-2015 оқу жылының қысқы емтихан сессиясына дайындық шаралары туралы Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Асқар Хикметовтің ақпары тыңдалды. Академиялық күнтізбе бойынша екінші аралық бақылау 8-10 желтоқсан, ал емтихан уақыты 19-30 желтоқсан аралығында өтеді. А. Хикметов емтиханға дайындық барысымен және әр факультеттегі былтырғы, биылғы көрсеткіштерді саралап, видеобақылаумен қамтамасыз етілген дәрісханаларға да тоқталды. Емтихан тест, жазбаша және біріктірілген түрде өтеді. Ол емтиханның өткізілу барысы мен тексеру жұмыстарының мән-жайына да кеңінен тоқталды.

Күн тәртібінде қаралған келесі тақырып – университеттің ІТ-инфрақұрылымының мультимедиялық жабдықтарын және конференц-жүйесін басқару туралы болды. Ол жайында ақпараттық технологиялар және инновациялық даму институтының директоры Жаңыл Мамықова баяндады. Хабарламада университеттегі әрбір үлкен залдарды толығымен қамтамасыз ету және факультеттерде орнатылған интерактивті тақтамен жұмыс барысы, орталықтан басқару жүйесі туралы, барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, университет төңірегінде интернет желісінің жылдамдығын арттыру жайы айтылды. Бүгінде 278 wi-fi нүктесі іске қосылған.

Жиын барысы жақсы жанаалықпен толықты. Ол университет делегациясының 2014 жылдың 3-6 желтоқсан аралығында Дубай қаласында өткен Дүниежүзілік инженерлік форумға қатысқандығы туралы аккредиттеу, рейтинг және сапаны басқару орталығы директорының м.а. Шыңғыс Ергөбектің ақпары болды. ҚазҰУ-да IGIP аккредитациялау орталығы құрылатындығы айтылды. Сонымен қатар Оқу ісі жөніндегі проректор Дархан Ахмед-Заки 2015 жылдың 15-16 қаңтар аралығында өтетін оқытушы-профессорлық құрамның 45-ғылыми-әдістемлік конференциясы туралы айтып өтті. Өтініштер осы жылдың 30 желтоқсанына дейін қабылданады.

Жалғасы 4-бетте



Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болды. ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов Мемлекет басшысын ЖОО жетістіктерімен және келешек даму жоспарымен егжей-тегжейлі таныстырып, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде 500 млн. АҚШ долларынан астам шетелдік инвестициялар тартылып отырған медицина-биологиялық және инновациялық кластерлерді құру бойынша жобалардың жүзеге асырылуы жайлы айтып берді. Сонымен қатар мемлекет басшысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми кітапханасы базасында ұйымдастырылған инновациялық жобалар көрмесін аралап көрді. Оның барысында отандық экономиканың түрлі салаларындағы бірқатар инновациялық жобалар таныстырылды.

### МЕДИКА-БИОЛОГИЯЛЫҚ КЛАСТЕР ҚҰРУ

ҚазҰУ-да медицина-биологиялық кластер құру бастамасы қойылған. Жобаның мақсаты: ҚР денсаулық сақтау және білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, еліміздің медицина саласындағы ғылыми-кадрлық әлеуетін дамыту, халықаралық әріптестікті кеңейту, инновациялық медициналық технологиялар трансферті, ғылыми-зерттеу және білім беру қызметтерінің медициналық қызмет көрсету өндірісімен бірігуі.

Оңтүстік корейлік серіктестермен медициналық диагностикалық орталықты ашу жобаны жүзеге асырудағы алғашқы кадам болды. Ол кампус аумағындағы «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының ортасында 2400 шаршы метрді алып орналасқан.

Мұнда оқытушылар мен студенттер заманауи жоғары технологиялық құрылғыларда әлемдік сапа талаптарына сай медициналық қызметтер алуға. Инвестиция сомасы 1,2 млрд. теңгені құрайды.

Жалғасы 2-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

### БҮГІНГІ САНДА:

### БҮГІНГІ САНДА:

ПЕРВЫЙ УНИВЕРСИТЕТСКИЙ  
ДИАГНОСТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР



3-стр.

ПЕРСПЕКТИВЫ НА  
МНОГИЕ ГОДЫ



5-стр.

БӘРІ ДЕ  
ЖАСТАР ҮШІН



8-бет

# Әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ДАМУДА



Орталықта университет студенттері мен оқытушы-профессорлық құрамы скринингтік тексеру, диагностика және кеңес беру жүзеге асырылуда. Атап айтарлығы, бұл қызметтер студенттер үшін тегін. Орталық жұмысында қолданылатын «U-Health» телемедициналық жүйесі диагностика жасауға және телекоммуникациялық құрылғы көмегімен емделуші туралы мәліметтерді онлайн режимде кеңес беру үшін «Кангнам Северанс» клиникасының мамандарына жіберуге мүмкіндік береді.

Еңсе университеті ҚазҰУ медицина-биологиялық кластері үшін мамандар даярлау бағдарламасына қатысты. 18 адам арнайы бағдарлама бойынша «Кангнам Северанс» клиникасында оқып шықты. Корея жағы сонымен қатар орталықты басқаруға көмек береді.

2015 жылдың мамыр айында медицина-биологиялық кластер құрудың екінші кезеңі – 500 орынға арналған заманауи клиника мен ғылыми-зерттеу лабораториясы құрылысына кірісу жоспарлануда. Мемлекеттік-жеке әріптестік негізінде 20,3 млрд. теңге шетелдік инвестиция тартылуда. Оның жүзеге асуына халықаралық консорциум – «Еңсе» университеті, «Кангнам Северанс» клиникасы және «POSCO» қаржылық-өндірістік тобы (Оңт. Корея) қатысуда.

Бұл жобаның жүзеге асырылуы «үштік шиыршық аумағында» – мемлекет, университеттер мен бизнес ынтымақтастығы аясында жүзеге асуда. Бұл жоғары сапалы медициналық қызмет көрсететін біріккен ғылыми-білім беру инновациялық орталығын құруға, экономикалық субъектілердің өзара әрекеттестігінен мультипликативтік нәтиже алуға, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға, әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, озық технологиялар мен

зерттемелерді тудыру және әлемдік нарықта ұсынуға, сондай-ақ білім беруді интернационалдандыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЛАСТЕР ҚҰРУ

ҚазҰУ-дың тағы бір көлемді жобасы – «Алатау» инновациялық технологиялар паркімен әріптестік арқылы іске асатын «Инжиниринг және ғылымды көп қажет ететін технология» инновациялық кластерін жасау.

Технопарк, бизнес-инкубатордың, өндіріс орталығының, ФЗИ зерттеу корпустарының және 1500 орынды студенттер мен жас ғалымдарға арналған ыңғайлы жатақхана құрылысына 9,5 млрд. теңге қаржы құйылады.

Жобаның мақсаты: ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізгенге, жоғары технологиялы трансферті және ғылыми-инновациялық қызметтегі коммерциализациялауда, ғылымның интеграциясы, білім беру және ұлтаралық деңгейдегі инновациялық өндірісте заманауи инфрақұрылым жасау.

Жобаны іске асыру ғылыми-зерттеу және қолданбалы сипаттағы тәжірибелі-құрастырмалы жұмыстарын жасау кластер негізінде жоғары технологиялы стартап компаниялар мен кәсіпорындар, ғылымға халықаралық инвестицияны тартуға септігін тигізеді.

## «КЕРЕМЕТ» СТУДЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ

«Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы (СҚКО) ҚазҰУ инновациялық инфрақұрылымының маңызды құраушы бөлігі болып табылады. Бұл – жалпы көлемі 7300 шаршы метр болатын, бәрі студенттерге қолайлы

ақпараттық дүңгіршектер мен интернет қызметтерін алуына мүмкіндіктері бар.

Тағы бір секторда студенттік және университеттің жастар бірлестіктерінің кеңселері орналасқан. Қоғамдық қызмет секторында кинотеатр, кафе, супермаркет, кітап дүкені, сұлулық салоны, фотоателье мен кір жуу орны жұмыс істейді. Сондай-ақ СҚКО-да медициналық диагностикалық орталық ашылған.

«Керемет» СҚКО – бұл студенттер үшін әлеуметтік-маңызы бар қызметтер шоғырланған бірыңғай орталық, бұл қызметтерді олар онлайн-режимде де ала алады. Мұндай әдіс тұлғалық бағытталған қызмет көрсету технологиясына және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында заманауи шешімдерді қолдануға негізделді.

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да студенттердің күнделікті әлеуметтік мәселелерін шешуге, жақсы оқу және ғылыммен айналысуы үшін жайлы жағдай жасауға көп көңіл бөлінеді. Мысалы, осы оқу жылында журналистика факультетіне арналған 260 орындық жаңа жатақхана қолдануға берілді.

Магистранттар мен докторанттарға арналған 500 орынды аса жайлы ғалымдар үйі салынды. Бөлмелер жаңа жиһазбен жабдықталған. Студенттер үшін демалатын арнайы бөлмелері, интернетке қосылған компьютер кластары, жаттығу залдары жасалған. Әр қабатта тұрмыстық бөлмелер бар.

## «AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY» ЖОБАСЫ

Бүгін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – жаңа білім, озық идеялар мен технологиялар жүзеге асатын ғылыми-білім беру және инновациялық ірі орталық. Президент Жолдауында қойылған тапсырмалар: әлемнің үздік ЖОО-лары рейтингісіне ену, инновациялық қызметті жүзеге асыру және ғылыми-зерттеулердің нәтижесін өндіріске енгізу университет үшін басты бағыт болып табылады.

Осы мемлекеттік маңызы тапсырмаларды жүзеге асырудың және ҚазҰУ-да жаңа заман университетін құрудың методологиялық негізі ретінде биылғы жылы «Al-Farabi university smart city» бірегей ғылыми-инновациялық жобасы бастау алды. Жаңа үлгі негізінде ұлы ойшыл әл-Фарабидің қайырымды қала туралы ілімі жатыр. Технологиялық және рухани-адамгершілік тұжырымдардың

әрі жайлы болу үшін жасалған әлемде теңдесі жоқ бірегей орталық. Жарық әрі кең ғимаратта көптеген кеңселер мен бөлмелер орналасқан. Студенттер барлық қызметтерді «бір терезе» принципі бойынша ең қысқа мерзімде алады.

СҚКО бірнеше секторға бөлінген. Ең бастысы, әрине, оқу секторы. Мұнда студентті алғашқы курстан соңғы курсқа дейін жетелей отырып, оқу үдерісінің дұрыс жүруіне жауап беретін бірыңғай тіркеу кеңсесі, студенттік бөлім, шетелдік студенттерге арналған академиялық ұтқырлық бөлімі орналасқан.

Әкімшілік-кеңес беру секторында студенттер бухгалтерия мен төлқұжат үстелі, банк, нотариус, тәжірибе және жұмысқа орналасу сұрақтары бойынша

**Маратбек ГАБДУЛЛИН,**  
директор Национальной нанотехнологической лаборатории открытого типа:



– На выставке инновационных проектов нами была представлена работа по синтезированию графена и получение на их основе различных функциональных датчиков, которая заинтересовала Главу государства. Графен – это двумерная модификация углерода, образованная слоем атомов углерода толщиной в один атом и является самым тонким из когда-либо полученных объектов. Данный материал обладает уникальными свойствами, такими как повышенная прочность, сверхпроводимость тепла и электричества, очень упругий, непроницаемый для любых молекул и этот перечень всё расширяется. На сегодняшний день графен является одним из перспективных материалов в мире, с применением которого связывают новые отрасли промышленности, такие, как электроника, водородная энергетика, создание композиционных материалов и многое другое. Положительный отклик и внимание Главы государства на работы в области наноматериалов и нанотехнологий, проводимых на базе нашей лаборатории, вдохновляют и дают новый импульс и надежду нашим сотрудникам на достижение положительных результатов по этому направлению.

мамандардан кеңес алу, пойыз бен ұшаққа билет алу, туристік фирмаға жүгіну сынды қызметтерді пайдалана алады. Сонымен қатар орталыққа келушілердің электронды үкімет (e-gov.kz), «дәліздік» мөр,

бірігуі нәтижесінде ғылыми, білім беру және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін заманауи тәсілдер қолданылатын болады.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

**В ходе визита Президента страны РК Н.Назарбаева в КазНУ ректор университета Г.Мутанов ознакомил Главу государства с достижениями и перспективным планом развития вуза**

# ПЕРВЫЙ УНИВЕРСИТЕТСКИЙ ДИАГНОСТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР

*В рамках своего визита в КазНУ им. аль-Фараби Президент страны Н. Назарбаев открыл работу первого в истории вузов РК медицинского диагностического центра, пожелав коллективу успешной деятельности.*

В торжественной церемонии открытия приняли участие ректор КазНУ Галым Мутанов, вице-министр политики здравоохранения при министерстве здравоохранения и социального обеспечения Республики Корея Квон Док Чоль, генеральный директор Бюро развития индустрии здравоохранения КН-IDI Ким Чо Иль, Посол Республики Корея в Казахстане Бэк Чжу Хён, генеральный директор клиники «Кангнам Северанс» Университета «Ёнсе» Ким Хен Чжун, декан медицинского института Университета «Ёнсе» Ли Бён Сок.

Создание такого уникального центра при университете состоялось благодаря программе государственно-частного партнерства. В августе 2011 года в ходе официального визита Президента Республики Корея Ли Мен Бака в Казахстан министрами здравоохранения РК и Кореи был подписан меморандум о создании медико-биологического кластера в КазНУ. Цель проекта: повышение конкурентоспособности системы здравоохранения и образования РК, развитие научно-кадрового потенциала страны в сфере медицины, расширение международного сотрудничества, трансферт инновационных медицинских технологий, интеграция научно-исследовательской и образовательной деятельности с производством медицинских услуг. Первым шагом к осуществлению проекта стало открытие с южнокорейскими партнерами медицинского диагностического центра. Он расположен на территории кампуса, в Центре обслуживания студентов «Керемет», на площади 2400 кв. м. Здесь преподаватели и студенты получают медицинские услуги по мировым стандартам качества на самом современном высокотехнологичном



Уверен, что создание первого в Казахстане университетского диагностического центра является важным шагом, который, безусловно, позволит поднять деятельность этих сфер на более новый и высокий уровень».

Руководитель вуза также подчеркнул, что к реализации проекта подключились посольство, министерство здравоохранения и

Примечательно, что для студентов эти услуги бесплатны. Система телемедицины «U-Health», используемая в работе Центра, позволяет проводить диагностику и с помощью телекоммуникационного оборудования передавать данные пациентов специалистам клиники «Кангнам Северанс» для консультирования в онлайн режиме.

Университет «Ёнсе» принял участие в программе подготовки медицинских специалистов для диагностического центра КазНУ. 18 человек успешно прошли обучение по специальной программе в клинике «Кангнам Северанс». Корейская сторона также оказывает содействие в организации менеджмента центра.

«В нашей клинике работают более 2 тыс. человек. Со дня подписания нашего соглашения каждый из них знает о КазНУ имени аль-Фараби как о самом крупном и

авторитетном вузе Казахстана. Надеюсь, мы и дальше будем продолжать нашу дружбу и сотрудничество. Мы верим в то, что все намеченные дальнейшие планы по проекту будут реализованы в срок и послужат на благо улучшения здоровья казахстанских граждан», – подчеркнул генеральный директор клиники «Кангнам Северанс» Ким Хен Чжун.

В ходе открытия диагностического центра состоялось подписание меморандумов о сотрудничестве между КазНУ им. аль-Фараби и Институтом развития индустрии здравоохранения Республики Корея, а также факультетом биологии и биотехнологии КазНУ и колледжем медицины Университета «Ёнсе».

**Акмарал КУАНЫШЕВА**



**Тамара ШАЛАХМЕТОВА,**  
декан факультета биологии и биотехнологии, профессор:

—Подписание Соглашения между факультетом биологии и биотехнологии КазНУ и Колледжем медицины Университета Ёнсе открывает большие возможности для студентов медицинских и биологических специальностей обоих университетов в целях академического обмена, обучения по программе двойного диплома, научных стажировок магистрантов и докторантов Ph.D. В его рамках предполагается приглашение преподавателей обоих учреждений для чтения лекций и проведения практических исследований в области биомедицины и медицины, биологии и биотехнологии. Также планируются совместные международные научные проекты и публикации в высокорейтинговых журналах с импакт-фактором, проведение конференций, мастер-классов, симпозиумов. Успешная реализация всех договоренностей позволит нам развивать важный международный проект – Медико-биологического кластер. Совсем недавно такие же Соглашения были подписаны с другими участниками данного проекта – деканами Колледжей медицины Сеульского национального университета и Университета Корё, в которых уже обучаются студенты нашего факультета.

оборудовании. Сумма инвестиций составила 1,2 млрд. тн.

Обращаясь с приветственной речью к партнерам проекта, ректор КазНУ Галым Мутанов отметил: «Я благодарю каждого из вас, кто принял активное участие в реализации этого проекта. Вы внесли огромный вклад в развитие и укрепление нашего сотрудничества в сфере образования, науки и здравоохранения.

социального благополучия, Бюро индустрии здравоохранения, Институт развития индустрии здравоохранения, министерство политики здравоохранения, компания «ПОСКО» и другие партнеры из Республики Корея.

В Центре проводится скрининговое обследование студентов и профессорско-преподавательского состава университета, диагностика и консультирование.



**Елбасы ҚазҰУ-да ЖОО-лар тарихындағы тұңғыш диагностикалық орталықтың тұсауын кесті**

Жалғасы. Басы 1-бетте

# «SPRINGER» БАСПА ҮЙІ ҚАЗҰУ РЕКТОРЫ КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУЫН КЕСТІ



Тұсаукесер рәсіміне «Шпрингер» компаниясының бас атқарушы директоры Дерк Хаанк, академиялық және үкіметтік секторының сатылым бойынша президенті Сайд Хасан, Таяу Шығыс елдеріндегі, Түркия және Орталық Азия бойынша сатылым вице-президенті Аздаа Котани, ҚР БЖҒМ Ғылым Комитетінің өкілі Сансызбай Жолдасбаев, ҚР ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов, «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» АҚ президенті Әділ Ибраев, танымал қазақстандық ғалымдар, ҚазҰУ магистранттары мен докторанттары қатысты.

«Шпрингер» компаниясының бас атқарушы директоры Дерк Хаанк жиынның ашылу сәтінде бұл кітаптың осы баспадан шыққан және бір автор жазған алғашқы қазақстандық ғалымның еңбегі екендігін ерекше атап өтті. «Қазан айында біз Германияда өткен «Frankfurt Buchmesse 2014» халықаралық кітап көрмесінде профессор Ғалым Мұтанов кітабының тұсауын кестік. Ол жүргізген көлемді ғылыми зерттеулердің көпжақтылығы, жаңашылдығы және

инновациялық тәсілі әлемдік ғылыми қоғамның үлкен қызығушылығын тудырды. Бұл монографияның шығуы қазақстандық ғылымның әлемдік озық жетістік деңгейіне шығуына ықпал етері сөзсіз», – деді Дерк Хаанк.

Ғ.Мұтановтың кітабы жайлы академиктер және танымал ғалымдар Әбдіғаппар Әшімов, Төлеген Қожамқұлов, Ораз Баймұратов, Жұмаділ Байғұншекков, Сағындық Сатыбалдин, Алексей Чеховой, Мақсат Қалимолдаев, Болат Мұхамедиев және тағы басқалар өз пікірлерін білдіріп, зерттеу нәтижесіне жоғары баға берді. ҚазҰУ ректорын шетелде ғылыми монографиясының шығуымен құттықтады.

«Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысушы ғалым ретінде айтарым, «Шпрингер» сияқты беделді баспа үйінен ғылыми кітаптың жарық көруі – үлкен жетістік. Қазақстандық эконометрианың дамуында маңызды мәнге ие аса күрделі әрі салмақты жұмыс жасалды», – деді тұсаукесерде академик Әбдіғаппар Әшімов.

Қатысушылар зерттеу тақырыбының бүгінгі әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайындағы өзектілігі мен аса маңыздылығын атап өтті. Кітапта көптеген жылдар бойы жүргізілген ғылыми зерттеулердің нәтижесі микро-және макроэкономикалық процестерден кейінде экономиканың өзекті мәселелерін шешу үшін қолдануға болатын математикалық үлгі және әдістер түрінде келесі бағыттар бойынша жасалған: зерттемені басқару және кез келген деңгей мен мемлекеттің бюджетінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, энтропиялық тәсілді пайдалана отырып экономикалық жүйелерді басқару және бағалау, валюталық операцияларды болжау және валюта курстарының тенгерімділігі, инновациялық жобаларды бағалау, мемлекеттік бағдарламаларды талдау, инвестициялық процестердің қауіп-қатерін басқару, ресурстарды бөліп таратуда шешім қабылдау, бәсекеге қабілетті индустриалды кластерлерді сәйкестендіру. Бұдан басқа аймақтық және салалық ерекшеліктері ескерілген кластерлік тәсіл негізінде экономиканы басқарудың методикалық ережелері ғылыми дәлелді жасалған. Мұның барлығы кітапты басқару және экономика саласындағы көптеген мәселелерді шешуде баға жетпес тәжірибелік көмекшіге айналдырады.

«Ғылыми қауымдастықта Ғалым Мұтанов атакты ғалым және еліміздің аса ірі университетінің білікті басшысы ретінде танымал. Оның технологиялық және әлеуметтік-экономикалық жүйелерді модельдеу және басқару саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі отандық, сонымен бірге шетелдік ғалымдардың, соның ішінде экономика саласындағы Нобель сыйлығының лауреаты Джон Нэштің мойындауына ие болды», – деді іс-шара модераторы, ҚР ҰҒА президенті Мұрат Жұрынов.

Тұсаукесер аясында «Шпрингер» компаниясының өкілдері ҚазҰУ оқытушыларына, магистранттар мен докторанттарына арнап семинар өткізді. Онда олар баспа туралы, ғылыми жұмыстарды басып шығаруға қойылатын талаптар жайлы пайдалы ақпараттарға қанығып, өздерін қызықтырған сауалдарға жауап алды.

Өз тілшімізден

РЕКТОРАТ Жалғасы. Басы 1-бетте

## МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Сондай-ақ ректорат отырысында дәстүр бойынша азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы меңгерушісінің орынбасары Архат Абикенов кафедра атынан «құқықтану» мамандығының студенттеріне әрқайсысына 50 мың теңге көлеміндегі шәкіртақылар табыстады. Ал Түркиядан келген профессор Зеки Тастан 100 мың теңге көлеміндегі шәкіртақыны «лингвистика» мамандығының 2-курс магистранты Бисенбаев Ақылбекке тағайындаса, Франциядан келген профессор Фати Давен «екі шет тілі» 3-курс студенті Ибрагим Аяғөзге 50 мың теңге көлемінде бір реттік шәкіртақы ұсынды. «Мен жастарға сенемін» фестивалінің жеңімпазы, «қазақ филологиясы» мамандығының 3-курс студенті Мырзабек Айдарға кафедра 200 мың теңге көлемінде шәкіртақы табыс етті. Айта кетерлігі,



мәжілісте ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов Ростов университетінің органикалық химия кафедрасының және Лейбниц атындағы Катализ институтының органикалық химия кафедрасының меңгерушісі Питер Лангерге әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Құрметті

докторы атағы берілетінін айта келе, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» медалімен марапаттады.

Еңлік АҚЖІГІТ

## ҰЛТ МҮДДЕСІН ҰЛЫҚТАҒАН – 15 ЖЫЛ

Өткен жұма күні журналистика факультетінің Баспа ісі және дизайн кафедрасы мен «Қазақ газеттері» ЖШС-ның ұйымдастыруымен «Қазақ газеттері» бірлестігінің 15 жылдық мерейтойына арнап «Қазақстандағы ақпараттық үдерістер: замана талабы мен талғамы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Басқосуда республика аумағындағы ақпараттық кеңістіктің түйінді мәселелері сөз болды. Жиынға алыс және жақын шет елдердің ғылыми қауымдастықтарының, сарапшылар қауымдастығы мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, сондай-ақ ЖОО оқытушылары мен магистранттары, докторанттары мен студенттер қатысты.

Конференцияны университеттің Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шолпан Жаманбаева кіріспе сөзбен ашты. Негізгі баяндаманы жасаған серіктестік басшысы Жұмабек Омарұлы «15 жылдықты күнде тойламайтын болғандықтан, оны ойын-сауық түрінде емес, саликалы да сарабдал тақырыптар сөз етілетіндей, осындай халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция түрінде өткізгенді жөн саналды», – деп, серіктестік тарихындағы мұндай айтулы күнді атап өту шарасын ұйымдастыруда көрсеткен көмектері үшін университет басшылығына және жекелеген тұлғаларға алғысын білдірді. Сонымен қатар ол әрі ұстаз, әрі әріптес ағалары – Сарбас Ақтаев, Нұрмұхан Оразбеков сынды ардагер қаламгерлерді де мерейлі күнмен құттықтап өтті.

«Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1999 жылғы шілде айынан бері ақпарат айдынында желкен керіп, ұлт мүддесіне қызмет етіп келеді. Серіктестік өз кезеңінде ел Президентінің тікелей өкімхаты негізінде құрылған. Қазіргі таңда медиахолдингінің құрамында алты беделді басылым – «Ана тілі» ұлт газеті, «Экономика», «Ұйғыр авазы» газеттері мен «Ақиқат», «Мысль», «Үркер» журналдары шығып жатыр.

Аталған басылымдардың барлығы да еліміздің қоғамдық өміріндегі саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістерді жан-жақты саралап, талдап көрсетіп, өз оқырмандарына сапалы да мәнді өнімдер ұсынумен келеді. Серіктестіктің әр жылдары жазушы, журналистер Мереке Құлқенов, Бауыржан Омаров басқарды. Қазіргі кезде «Қазақ газеттері» басылымдар серіктестігін Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының иегері Жұмабек Кенжалин басқарып отыр. Құрамындағы басылымдардың тізгіндерін журналистика саласының майталмандары – Самат Ибраим, Ахас Тәжуітов, Сейдахмет Құттықадам, Аманхан Әлім, Құндық Түменбай және Ершат Асмаев ұстап отыр.

Түстен кейін ғалымдар 4 секцияға: «БАҚ тыныс-тіршілігіндегі ғаламдық өзгерістер: Қазақстан ерекшеліктері»; «Қазақстан баспа ісі мен полиграфиясындағы даму бағыттары мен жанашылдық»; «Қоғаммен байланыс пен жарнаманың жаңа технологиялары»; «Қазіргі Қазақстан қоғамының өзекті мәселелері және БАҚ» деген тақырыптар бойынша бөлініп жұмыс жасады. Әр секцияда ғалымдар Қазақстан ақпараттық кеңістігінің түйінді мәселелерін талқылады.

Серіктестікті мерейлі мерекесімен құттықтаушылар қатарында еліміздің көптеген жоғары оқу орындары мен аймақ басылымы да бар.

Жиыннан соң серіктестік басшысы Жұмабек Кенжалин мен ардагер журналист Сарбас Ақтаев журналистика факультеті базасында ашылып отырған Студенттік баспасөз клубының ашылу салтанатына қатысып, лентасын қиды.

Бейбіт ТӨЛЕГЕНҰЛЫ

В КазНУ с участием видных публицистов Казахстана состоялось конференция, посвященная 15-летию объединения «Қазақ газеттері»

# Өнегелі өмір

Биылғы ел білімі мен ғылымының қара шаңырағы ҚазҰУ-дың мерейтойлық жылында физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор Наурызбаев Қабдеш Жұмағазыұлының 80 жылдық мерейтойы аталып өтуде. Мерейтойға арналған шара механика-математика факультеті, іргелі математика кафедрасының ұйымдастыруымен бүгін басталып, 2 күнге созылады.



Наурызбаев Қабдеш Жұмағазыұлы (10.12.1934-29.03.2007) – Ы. Алтынсарин атындағы казакортамектеп-интернатының үздік түлегі. 1952 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу университетінің механика-математика факультетіне оқуға түсіп, 1957 жылы тамамдаған. 1958 жылы В.А. Стеклов атындағы математика институтының Функциялар теориясы бөліміне аспирантураға түседі. Қабдеш аға аспирантураны әйгілі академик С.М. Никольскийдің жетекшілігімен оқып, 1964 жылы «Функциялар с интегрируемыми смешанными производными и первая краевая задача для одного общего уравнения

в частных производных» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғайды. Әртүрлі жылдарда Қазақ сәулет құрылыс академиясында, Қазақ политехникалық институтында профессор, кафедра менгерушісі қызметтерін атқарған. 1996 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Қазақ ұлттық университетінің механика-математика факультетінде функционалдык анализ және ықтималдықтар теориясы кафедрасының профессоры болып жұмыс істейді. Қазақ ұлттық университетінде қызмет атқарған жылдары "Қазақ университеті" баспасынан "Нақты анализ" (2004 ж.), "Функционалдык анализ" (2007 ж.) оқу құралдары жарық көрген.

Қабдеш Жұмағазыұлы бізге нақты анализ, функционалдык анализ пәндерінен сабақ берді. Ол кісі жадымызда өзінің каталдығымен, талап қойғыштығымен, қазақ тілі мен қазақ балаларына деген жанашырлығымен, әдемі сөйлеу мәнерімен сақталып қалды. Осындай өнегелі ғалымның өмір жолын өскелең ұрпаққа танытуда аталған шараның тәрбиелік маңызы зор деп білемін.

А.К. ШАЙМЕРДЕНОВА,  
іргелі математика  
кафедрасының аға  
оқытушысы, PhD

В этом месяце видному ученому, член-корреспонденту НИИ Республики Казахстан, доктору экономических наук, профессору кафедры экономики КазНУ Булату Ментаевичу Мухамедиеву исполняется 65 лет и 40 лет его научно-педагогической деятельности.

## СЕКРЕТ ТВОРЧЕСКОГО ДОЛГОЛЕТИЯ


Жизненный путь Булата Ментаевича начался в поселке Кировский Талды-Курганской области. Со школьной скамьи проявил интерес к естественным наукам и по итогам Республиканской олимпиады был зачислен в десятый класс Новосибирской физико-математической школы-интерната. После ее окончания он поступает в Московский физико-технический университет на факультет аэромеханики и летательной техники, после третьего курса переводится на факультет управления и прикладной математики.

Свою дальнейшую деятельность Булат Ментаевич тесно связывает с наукой и педагогикой. Так, в 1974 году обучаясь в аспирантуре МФТИ досрочно защищает кандидатскую диссертацию по специальности "Математическая кибернетика". В 1999 году Б. Мухамедиев защищает докторскую диссертацию по специальности "Экономико-математические методы" по актуальным на сегодняшний день проблемам адаптивного управления экономикой в условиях неопределенности. Имея серьезные знания в прикладной экономике, Булат Ментаевич принимает активное участие в конкурсах на получение грантов от международных научных организаций, не раз являясь консультантом зарубежных исследовательских и прикладных программ.

Накопленный научный багаж знаний профессор Б. Мухамедиев неустанно передает своим ученикам и последователям. Так, Булат Ментаевич внес существенный вклад в реализацию экспериментальной программы МОН РК по подготовке докторов PhD в КазНУ по экономическому направлению, чему способствовали его научные связи с учеными из США, Японии, Италии. Под его руководством защищены две докторские, 11 кандидатских диссертаций, подготовлено 3 доктора PhD. Булат Ментаевич проводит большую работу по написанию и изданию серьезных научных работ, монографий, учебных и методических пособий, учебников для студентов на казахском, русском, английском языках.

В 2008 году ему присуждена государственная научная стипендия для ученых и специалистов, внесших выдающийся вклад в развитие науки и техники на 2009-2010 годы. В 2009 году награжден Большой золотой медалью «Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін». Трижды (2005, 2006 и 2010) он становился победителем конкурса «Лучший преподаватель вузов РК». Все эти награды являются заслуженным признанием за трудолюбие и верность своему делу.

Уже много лет Булат Ментаевич плодотворно



трудится на благо казахстанского образования и науки. Свою трудовую деятельность в университете Булат Ментаевич начал с ассистента, далее - старший преподаватель, доцент, профессор, заведующий кафедрой, декан факультета экономики и бизнеса. Сегодня, имея огромный практический и научный задел Булат Ментаевич все свои знания, бесценный опыт каждодневно передает своим студентам и последователям. Именно это служение и любовь к своему делу, желание познавать и творить что-то новое являются секретом молодости и творческого его долголетия.

Выражая признательность за профессионализм и преданность благородному делу, от всей души хочется пожелать Булат Ментаевичу доброго здоровья, благополучия и творческого долголетия. Пусть любовь и уважение учеников, коллег, друзей, детей и внуков освещают его жизненный путь еще долгие годы.

Р.ДУЛАМБАЕВА, д.э.н., профессор,  
О.БОРДОУСОВ, к.э.н., доцент,  
преподаватели кафедры экономики

### В РАМКАХ СОТРУДНИЧЕСТВА

# ПЕРСПЕКТИВЫ НА МНОГИЕ ГОДЫ

Недавно официальная делегация КазНУ им. аль-Фараби в составе советника ректора университета по стратегическому развитию Е.А.Ана, декана факультета биологии и биотехнологии Т.М.Шалахметовой и заведующего кафедрой биофизики и биомедицины С.Т.Тулеуханова провела ряд встреч с руководителями и деканами известных высших учебных заведений Южной Кореи.

Успешно и конструктивно прошли переговоры с руководителями медицинских факультетов Сеульского национального университета Дахи Канг, университетов Енсе Ли Бен Сок и Корё Хью Мьонг Ким, а также генеральным директором Клиники Кангнам Северанс Ким Хюн Джун. В ходе встреч были достигнуты конкретные взаимовыгодные для всех сторон договорённости о перспективах сотрудничества в области образования и науки, биомедицины и клинической медицины.

В частности, следует отметить, что ведущие вузы Южной Кореи и КазНУ договорились о стратегическом развитии вузов в международном образовательном пространстве в области медицины и биомедицины. В этой связи особое внимание было уделено развитию студенческой мобильности, а также двудипломному образованию. Была достигнута договорённость о приглашении в КазНУ ведущих специалистов и профессоров Сеульского национального университета и университетов Енсе и Корё для проведения занятий, мастер-классов и проведения совместных исследований в области биомедицины.

В ходе переговоров с членами



делегации руководители университетов и структурных подразделений высоко оценили роль и вклад ректора нашего университета академика Г.Мутанова в вопросах развития биомедицинского кластера – создании на базе КазНУ Диагностического Центра и современной клиники.

Клиники и центры медицинского профиля нового типа должны концентрироваться на базе ведущих вузов республики с достаточно развитыми

фундаментальными дисциплинами, каковым в РК является КазНУ им. аль-Фараби, считают представители ведущих вузов Южной Кореи.

Также члены делегации приняли участие в работе конференции Международной Ассоциации Академических Медицинских центров (ААНИ). Были прослушаны доклады руководителей медицинских центров, известных учёных-медиков из США, Японии, Кореи, Англии, Канады, Китая, Австралии, Малайзии, Сингапура и

других стран о проблемах современного медицинского образования, организации здравоохранения, о международном сотрудничестве медицинских центров и университетов.

Впервые, в рамках конференции выступил докладчик из нашего университета – советник ректора по стратегическому развитию КазНУ Е.А. Ана на тему: «Организация медико-биологического кластера КазНУ им. аль-Фараби – эффективный механизм повышения конкурентоспособности системы образования и здравоохранения». Доклад вызвал живой интерес участников конференции и все были приятно удивлены возможностям Диагностического центра университета. В ходе заинтересованного обсуждения доклада представителями ряда стран было предложено членство КазНУ им. аль-Фараби в составе авторитетной организации «ААНИ», что будет в значительной степени способствовать расширению сотрудничества с медицинскими центрами и университетами мира.

Главным итогом этой поездки стало установление более тесных и реальных деловых контактов между сотрудниками ведущего вуза Казахстана и крупнейших университетов и клиник Южной Кореи. Полученный опыт и новые знания позволят нам более эффективно развивать и реализовывать биомедицину на базе нашего университета.

С.Т.ТУЛЕУХАНОВ,  
заведующий кафедрой биофизики  
и биомедицины, профессор

«ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында көрнекті жазушы Дулат Исабековтің қатысуымен қалалық оқырмандар конференциясы өтті





# БӘРІ ДЕ ЖАСТАР ҮШІН

Жуырда журналистика факультетінде «Студенттік баспасөз орталығының» ашылу салтанаты өтті. Орталықтың лентасын Сейдахмет Құттықадам, Марат Тоқашбай, Жұмабек Кенжалин, Самат Ибраим, Аманхан Әлім, Қуандық Түменбай, Юлдаш Азаматов, Нұрмахан Оразбековтей қазақтың жақсы-жайсаңдарын бастап келген ардагер қаламгер Сарбас Ақтаев пен Қазақстан баспасөз клубының атқарушы директоры Сәкен Балбаев кесті.

Шара барысында Қазақстан баспасөз клубының 20 жылдығына арналған Студенттік «Үздік PR жобалар» байқауының марапаттау рәсімінің өтуі студенттік баспасөз орталығының ашылу рәсімінің маңызын арттыра түсті. Ал, байқау жеңімпаздарына ақшалай сыйлықтың берілуі жастарға деген қолдаудың бар екендігін тағы бір рет дәлелдеп, бұл оқиғаны факультет шежіресіне ұмытылмастай етіп қалдырды. Аталмыш байқауда Самарханова Айнұр және Оразымбет Дариямен бірлесе жасаған жобамыз I-орынды иеленді. Бізден бөлек 40-қа жуық PR жобаның байқауға қатысуы – біздің факультетте студенттердің өз идеясын ортаға салып, шығармашылық және ғылыми тұрғыда дамуына бар жағдай жасалып отырғандығының дәлелі.

Студенттік баспасөз орталығының ашылуы – студенттердің теория жүзінде

алған білімдерін іс жүзінде сынап көруінің тамаша мүмкіндігі. Факультет қабырғасынан алысқа ұзамай-ақ болашақ мамандығымызға қатысты іс-шараларды жоспарлап, оны жүзеге асыра алуымыз біздің білікті маман иесі болып шығуымыздың кепілі іспеттес. Дәріс барысында баспасөз мәслихаты, оны ұйымдастыру және өткізу жайлы ақпараттар алатын болсақ, Студенттік баспасөз орталығы ашылған соң ұстаздарымыздан алған теориялық білімімізді тәжірибелік тұрғыда іске қосатын мүмкіндігіміз туды. Студенттік баспасөз орталығында жұмыс атқаруымыз өз кезегінде осы сала мамандарымен етене араласып, тәжірибе алмасудың таптырмас мүмкіндігі болады деп сенемін. Бұның барлығы, әрине, факультетіміздің деканы С. Медеубекұлы мен ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының



менгерушісі Н. Т. Шыңғысова бастаған ұжымның ерен еңбегі деп білемін. Байқауға қатысқан әр жоба ҚазҰУ имиджін көтеруді көздегенін ескеретін болсақ, факультетімізде Студенттік баспасөз орталығының ашылуы университетіміздің имиджіне қызмет ететіні ақиқат. «Ерім дейтін ел барда, елім дейтін ер қашан да табылатындығы»

сияқты, жастарға осындай қолдау көрсетіліп отырғанда, жастарымыздың қол қусырып отырмасы анық. Студенттік баспасөз орталығының баршаның игілігіне қызмет етуіне атсалысайық!

**Інкәр ӘБДІҚАСЫМОВА,**  
журналистика факультетінің  
4-курс студенті

## МАГИСТРАНТТАР ПІКІРЛЕРІМЕН БӨЛІСТІ

Елбасы жолдауына байланысты ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінде магистранттарға арналған конференция өткізілді. Конференция «Инновациялық білім және ғылым» төңірегінде кең мысалдар мен ойларға өзек болып, оған қатысқан әрбір магистрант өздерінің қоғамдағы білім мен ғылымға байланысты толғандырған өзекті ұсыныстарымен ой-пікірлерін жеткізді.

Қатысушы студенттер өз пікірлерін сарапқа салып, баяндамаларының мазмұнын толыққанды ашып көрсетті. Мәселен, Балабеков Марат «Инновациялық процесс пен білім», Сейдалиев Шыңғыс «Жаңа технологиялардың ішіндегі білім беру жүйесі», Абдырасыл Еркебұлан «Ғылым мен білімнің қоғамдағы рөлі», Кенжеғалиева Айнел «Ең соңғы технология мен білім беру» жүйесіне тоқталып өтті. Сондай-ақ өзге де қатысушы студенттер төмендегі тақырыптар бойынша ойларын қорыта білді. Мәселен, Ким Валерия «Медициналық технологияның Оңтүстік Кореядан Қазақстанда бірігуі мен бірлесуі», Қожаханова Айжанның тақырыбы: «Жапонияның инновациялық технологиясы болса, Әбдімәжитов Еркіннің баяндамасы «Бүгінгі күн мен келешектің білімі» төңірегінде өрбіді.

Айта кетерлік жағдай, бұл конференцияның басты ерекшелігі баяндама ағылшын тілінде жүргізілді. Осыдан-ақ Қазақстан жастарының аяқ алысы ілгері жылжып өрлеу үстінде екенін байқай аламыз. Қоғам ілгері жылжыған сайын адамдарда өздерінің ұстанған позициясын ілгері дамыта түседі. Сол себепті мақсатқа жету жолында білімді әрі бәсекеге қабілетті болу абзал.

**Г. ОКУШЕВА,**  
**З. ЖАНАДИЛОВА,**  
гуманитарлық факультеттерге арналған  
шет тілдері кафедрасының оқытушылары

Жастардың эстетикалық, дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастырудағы театрдың мәні зор. Соңғы кездері жастардың театрға көп бармайтындығы туралы жиі айтылады. Осы орайда жуырда журналистика факультетінің студенттері жастардың рухани сұранысы мен талғамынан шығып жүрген Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры ұйымдастырған Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күніне арналған салтанатты шараға қатысып қайтты.

## ТЕАТРДА ӨТКЕН КЕШ



Кеш барысында Жамбыл атындағы Мемлекеттік республикалық жасөспірімдер, № 4 қалалық және А.П.Чехов атындағы орталық қалалық кітапханаларының, «Әдемі-ай» өнер үйінің көрмелері ұйымдастырылды. Сонымен қатар Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры мен журналистика факультетінің арасындағы келісім-шартқа сәйкес театр ұжымы факультеттің үздік, белсенді студенттеріне шәкіртақы табыс етті.

Шарада ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Ауған соғысы ардагерлері ұйымы қауымдастығының төрағасы, ақын Б. Смағұлов,

Ғ. Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының директоры Сұлтан Сраилов т.б. құттықтау сөз сөйлеп, ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған кештің маңыздылығын атап өтті.

Сондай-ақ кеште Қазақстан өнер жұлдыздары мен театр әртістері өнер көрсетіп, театрландырылған сахналық қойылым, поэзиялық, ән-би композициясын ұсынды. Мәнді кездесуден студенттер ерекше әсер алды.

**Сәуле МАҚҰЛБЕКОВА,**  
журналистика факультетінің  
4-курс студенті

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактордың міндетін атқарушы: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**  
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. "Гамма-принт" баспаханасында  
(Райымбек даңғылы, 369) басылды.  
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

**Бағасы келісім бойынша.**  
**Таралымы 1000 дана.**  
**Тапсырыс №1547**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.